Талғар ауданы Белбұлақ ауылдық округіне қарасты жергілікті қоғамдастық жиынының

ХАТТАМАСЫ № 5

Белбұлақ ауылы «04» наурыз 2026 жыл

Жиналыс төрағасы: Д. Нұрбатыров
Жиналыс хатшысы: У. Смагулова
Қатысқандар: Жергілікті қоғамдастық 21 адам

Күн тәртібі:

1. Белбұлақ ауылдық округінің Белбұлақ және Бірлік ауылдарында көше жарығын орнату үшін болат тіректер мен жарық шамдарын орнату жұмыстарына-**100 000,0 мың теңге,** елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету жұмыстарына- **8700,0 мың теңге,** апатты және санитариялық ағаш кесу жұмыстарына- **6000,0 мың теңге,** округ бойынша шөп шабу жұмыстарына- **5000,0 мың теңге,** спорт және балалар ойын алаңдарын ағымдағы жөндеу жұмыстарына- **4000,0 мың теңге,** полиграфиялық қызметтерді сатып алуға- **1200,0 мың теңге,** картриджерді толтыру, локалды желіге қызмет көрсету- **300,0 мың теңге**, компьтерлік техниканы жөндеуге- **500,0 мың теңге,** көгалдандыру жұмыстарына-**3500,0** болатын қаражатты жұмсау туралы.

Тындалды:
Жиналысты округ әкімі Е.Абиров кіріспе сөзбен ашып, күн тәртібіндегі мәселемен таныстырды: Әкім аппараты мамандары Белбұлақ ауылдық округіне қарасты ауылдардың келесі көшелеріне: Пушкин, Шевченко, Рябича, Құрманғазы, Бейсеуова, Байқоңыр, Орал, Бұхар жырау, Абылай хан, Есембаева, Манько көшесінің сол жағы, Рысқұлбекова, Мұратбаева, Молдабекова, Байтұрсынова, Шәкәрім, Біржан сал көшесінің оң жағы, Ақан сері, Алматы, Сейфуллин көшелері және Бірлік ауылының көшелеріне: Римова, Молдағұлова, Жандосов пен Шуленов көшелерінің арасындағы атаусыз көше, Шуленов көшесінің кіші көшесі (төменгі жағы), Жібек жолы, М. Өзтүрік, Ноғайбаев, Балуан Шолақ көшелеріне шығып зерделеу (тексеру) жүргізді. Тексеру нәтижесінде елді мекен ішіндегі көшелерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жарықтандыру құралдарын орнату қажеттілігі анықталды. Қараңғы уақытта және қолайсыз ауа райы жағдайларында автокөлік құралдарының қауіпсіз қозғалысы тікелей сапалы және жеткілікті жарықтандыру жүйесіне байланысты.Автомобиль жолдарының бойына жарықтандыру жүйесін орнату, әсіресе түнгі уақытта, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Сапалы жарықтандыру жол-көлік оқиғаларының алдын алуға ықпал етеді, көлік құралдарының қозғалыс бағыты бойынша көрінуді жақсартады және жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер үшін қолайлы жағдай жасайды. Жарықтандыру жүйесін орнату жоспарланып отырған көшелердің жалпы ұзындығы 16800 метрді құрайды, тіректер арасындағы арақашықтық 30 метр.

Осыған байланысты, көрсетілген көшелерге жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында сыртқы жарықтандыру жүйесін орнату үшін 670 шам орнату қажет деп есептеймін. Сонымен қатар округ аумағында санитариялық абаттандыру жұмыстарының кезеңі келіп тұр, осы мәселені де ескеру керек. Тағы бір қосатын мәселе, әкім аппаратының жұмысын қамтамасыз ету үшін полиграфиялық қызметтерді, картриджерді толтыру, локалды желіге қызмет көрсету, компьтерлік техниканы жөндеу болып тұр.

-Құрметті жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауылдық округ аумағында өздеріңіз көріп отырғандай кезең-кезеңімен жұмыстар жасалып келеді. Жұмыстардың жасалынуы белсене бірлесудің арқасында. Сондықтан Сіздердің назарларыңызға осы кезекті іс-шараларды ұсынамын.

- Кімнің қандай ұсынысы бар, өз пікірлеріңізді білдіріп отырыңыздар?

Сөз сөйлеген : Жергілікті қоғамдастық мүшесі - Колбаева Кульжан Буламбаевна- Округіміздің санитариялық жағдайын басты назарда ұстау керек, тазалық бар жерде , тәртіп болады деп ойлаймын, жоғарыда аталған іс-шаралар өте қажет.

Сөз сөйлеген : Ахметова Гүлнар Абдырахмановна- Елді мекендерді абаттандыру бағдарламасы бойынша біздің округке бөлінген қаражатты тиімді игеру мақсатында конкурстық рәсімдерді жеделдету қажет.

Сөз сөйлеген : Жергілікті қоғамдастық төрағасы- Нұрбатыров Досжан Әбдірешұлы- Жоғарыда айтылған іс-шараларды іске асыру мақсатында, мемлекеттік сатып алулар заңы аясында күн тәртібінде көрсетілген жұмыстар мен қызметтерді, тауарларды бір көзден сатып алу шартын жасасу тәсілін қарастыру орынды деп санаймын.

Осы ұсынылған мәселерді дауысқа салайық.
Жергілікті қоғамдастық мүшелері онлайн форматында:
Дауыс бергендер:

Қолдағандар-**18**
Қарсы-**0**
Қалыс-**3**

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:
Жоғарыда аталған жұмыстар бойынша онлайн форматта өткен кезекті тыңдау қарастырылып, қатысушылардан қарсылық болмағандықтан жоспарланған жұмыстарды шұғыл түрде жүзеге асыру қажет.
Жергілікті қоғамдастық мүшелері
1. Нурбатыров Д.А.
2. Калиев М.А
3. Оразалинов Ж.Т.
4. Жакупов Д.С.

5. Турганбаева А.Т.
6. Калдыбаева Ж.А.
7. Арынова А.М.
8. Жұмаш Б
9.Смагулова У.У.
10.Бекова Г.К.
11.Тебериков М.К.
12. Исмаилов Р.А.
13.Голощапова Л.П.
14.Илимбаев Г.А.
15.Ахметова Г.А.
16.Колбаева К.Б.
17.Сатымбаева С.Е.
18.Конарова Г.К.

Жергілікті қоғамдастық Төрағасы **Д.Нұрбатыров**

Хатшы **У. Смагулова**